



Айтуған ШӘЙІМОВ

# БҰЛАК



Айтуған ШӘЙІМОВ

**БҰЛАҚ**  
өлеңдер



“Ұшпақ” баспасы  
АЛМАТЫ  
2007 ЖЫЛ

**ББК 84 Қвз 7 - 5**  
**Ш 34**

Кітапты жинақтап баспаға әзірлеген және қаржылай көмек көрсеткен Бақберген Әзиұлы ЖАКЕЛОВ

**Ш 34 ШӘЙІМОВ А.**

Бұлақ: Өлеңдер - Алматы: “Ұшпақ”, 2007. - 152 бет

**ISBN 9965 - 9940 - 5 - 6**

Бірінші рет жарық көргелі отырған ақынның “Бұлақ” атты жыр жинағына оның әр жылдары жазған өлеңдері еніп отыр.

Замана рухы, уақыт тынысы, еліміздің өткен тарихы мен егемендік алған жылдар туралы толғаныс - ақын жырларының алтын арқауы.

**ББК 84 Қвз 7 - 5**

**ISBN 9965 - 9940 - 5 - 6**

© “Ұшпақ” БАСПАСЫ, 2007.

## АВТОР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Айтуған ШӘЙІМОВ 1947 жылы 29-шы желтоқсанда Құлжа қаласында өмірге келген. 1966 жылы Алматы облысының Шелек ауданына қарасты Қаратұрық ауылындағы орта мектепті бітірген. 1966-1967 жылдары Шелек ауданының «Еңбек туы» газетінде аудармашы, 1967-1968 жылдары аудандық радиосында редактор, аудандық «Коммунизм нұры» газетінде әдеби қызметкер болып істейді.

1969 жылы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) Қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетіне түсіп, 1974 жылы бітіріп шығады. Университетті аяқтағаннан кейін Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде тілші, 1975-1976 жылдары Қазақ радиосының «Шалқар» бағдарламасында редактор, Кеген аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, 1978 -1981 жылдары Күрті ауданының «Шұғыла» газетінде жауапты хатшы, Республикалық «Еңбек туы» журналында әдеби қызметкер, 1984 жылы Алматы облысы Күрті ауданы Тоқаш Бокин атындағы совхозда өндіріс бригадирі, 1987 жылы «Шұғыла» газетінде редактордың орынбасары, 1993-1996 жылдары Күрті аудандық радио редакциясында редактор, 1996-2000 жылдары Іле ауданының Күрті селолық округі әкімінің орынбасары, 2000-2004 жылдары Іле ауданындағы Тоқаш Бокин атындағы номері 14-ші орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.


АВТОР ТУРАЛЫ АҢКЫТАМА



«Алтын» ыры «Шәһәр» 1987 жылы «Шәһәр»  
Төзүм бөлүмүндө иштегенде 1993-1999

II БӨЛІМ

ТОЛҚЫШ



Самалың қайда аймалай  
 Күйе толы әншілерін күмдірет  
 Өтепті жалай сұр қырып  
 Еркесіңдер, еңтесіңдер, жорықтар

Қызғалақ қайда кырлар  
 Мөңі-дәрі жүретіміз тоқпін орд  
 Қолдарың ырағай бұлғайтын  
 Сірәуменнен шың босаңдар нанын көннеңдерің

Сағымды билей  
 Жан тоқпіндер, сұ тоқпіндер  
 Жыр шайтанды көңіл жүйелі  
 Жарықтарды ала, ала, ала, ала, ала, ала

Өлеңім жеткізіп білемін,  
 Келетін жок мектепім

## ТОЛҚЫН

Алапан асау екпіні,  
Кетердей шағып кемені.  
Теңізде салып тепкіні,  
Бір толқын тулап келеді.

Тұрдым мен үнсіз жағада,  
Айқара құшақ жайдым да.  
Аңсаған дауыл шағала,  
Шүйілді шалқар айдынға.

Көз алмап едім жолынан,  
Сағыныш бұлты тарқашы.  
Ұстайын бұйра жалыңнан,  
Тоқташы, толқын, тоқташы.

Қорқақты естен тандырып,  
Долдана бұрқап тасындар.  
Сарыныңменен жаңғырып,  
Жырласын жырау ғасырлар.

\*\*\*

Бұрымдайын бұйраланған толқындар,  
Ақтөсінде күміс көбік шолпың бар.  
Күйге толы ағындарың күмбірлеп,  
Еркелендер, ентелендер, жортындар.

Менің-дағы жүрегімде толқын бар,  
Сылдырынан шын достарым сыр тыңдар.  
Жан толқыны, су толқыны – қос толқын,  
Жарысындар, алға, алға тартындар.

\*\*\*

Көңілдің күйін мың бұрап,  
Ағады тынбай бір бұлақ.  
Аспанның ару төсінен,  
Ақ сәуле суға тұр құлап.

Кемерін жардың ұрғылап,  
Толқыны тулап бұлдырап.  
Тынбастан жырлап ағатын,  
Бұлақтар біздің бұлбұл-ақ.

### ТАУ ӘНІН АЙТШЫ

Ойлардан шаршап сан қилы,  
Ақ маңдай таулар қалғиды.  
Жамбастап жатып тыңдайды,  
Талықсып жеткен ән, күйді.

Асқардың төсін арда емген,  
Бұлақтар ойнақ салады.  
Найзағай осып кәрленген,  
Аспанның сұсты қабағы.

Бұлбұлдар жүр ме сайрамай,  
Орманың неге тұңғиық.  
Самалың қайда аймалай  
Өтетін жанға сыр құйып.

Қызғалдақ қайда қырлардан  
Қолдарын маған бұлғайтын.  
Сағыныш билеп сырлы арман,  
Жырлайтын келіп, жырлайтын.

Өкпелеп жатсың білемін,  
Келгем жоқ көптен өзіңе.



Тауларым менің - жүрегім.  
Басылған оттай көзім.

Махаббат оты тұр сөнбей,  
Бір сендік тауым – ауылым.  
Аңқасы кепкен құм шөлдей,  
Аңсадым жайлау жауынын.

Бұлттарды құған қиырға,  
Сағындым дүлей дауылын.  
Тыңдайын тұрып қиырда,  
Тау әнін айтшы, бауырым.

\*\*\*

Келем туған кең өлкеме,  
Кеуде кернеп сағыныш.  
Қанат байлап мен – еркеңе,  
Құштар көңіл алып ұш.  
Асқар таудан көк тіреген,  
Самғап сәтте өтейін.  
Өр кеудеме от тілеген,  
Сені серік етейін.  
Айна көлдің самалына,  
Аймалатып бетімді.  
Алау гүлді алабына,  
Айтайын сыр не түрлі.  
Ойлы орманның көлеңкесін,  
Желек етіп жамылып.  
Туған жердің кең өлкесін,  
Құшайын бір табынып.  
Шалқар теңіз – сезім шалқып,  
Шыңдарға тіл қатайын.  
Шаттығымның күйін тартып,

Шалғында аунап жатайын.  
Арманымның ақ канаты  
Жүйткі жылдам талмастан.  
Ауылымның жаққан оты,  
Жүрегіммен жалғасқан.

### ЖАЙЛАУ ТАҢЫ

Сібірлеп атқан шақта дала таны,  
Суға келді шопанның сары атаны.  
Боз үйден бұйра түтін бұрала ұшса,  
Есіп жатыр самалдың алақаны.

Шөлі қанып «Көлсайдың» бұлағынан,  
Күңгір-күңгір кісінеді құла құнан.  
Қарт жылқышы төсекте елегізді,  
Тұлпар үні кетпеген құлағынан.

Түн түріліп шешілген кара тондай,  
Тірлік күйін күн шықты дара толғай.  
Құба талдың тербеліп бұтағында,  
Шаттық әнін шырқады кара торғай.

Тәтті ұйқы құшағында манаураған,  
Көк жиск таң нұрымен алаулаған.  
Асқар тау шаткалында ұйықтап жатып,  
Түс көріп оянды аңшы аң аулаған.

Ерке самал көйлегін желбіретіп,  
Көркіменен көңілді елжіретіп.  
Айдай ару шыққанда ақ отадан,  
Жүрек шіркін кетті-ау бір дір-дір етіп.

\*\*\*

Көктем келді қойлы ауылға қырдағы,  
Құм даланы қызғалдақпен сырлады.  
Боз жусанның нәр жүгіріп бойына,  
Бозторғайы шаттана кеп жырлады.  
Нұрлы буы буынымды балқытып,  
Көңілімді көкке өрлетті шалқытып.  
Жаңбырдан соң құшақ жайдым самалға,  
Аймалаған жұпар иісін аңқытып.  
Таңданамын дүние неткен көркем деп,  
Жүрегімді әлдилейді ән тербеп.  
Қызыл ерін қызғалдағын қырлардың,  
Қуанышпен құшақтаймын еркем деп.  
Мейірімін құйған сайын көкте күн,  
Дикан атам иыққа асып кетпенін  
Тыңның шөлін теріменен кандырып,  
Аялайды туған жердің бөктерін.  
Елжіредім еске түсіп өткенім,  
Қимас күнім, сырлас гүлім көп менің.  
Оралғандай осынау бал дәуренім,  
Қарсы ап тұрмын өмірімнің көктемін.

### ЕСКЕ АЛУ

Бүлдірген терген көк белдер,  
Көрмедім көптен сөкпендер.  
Сәлемінді айтып өтеді,  
Бетімнен менің өпкен жел.

Шалқиды көңіл еліріп,  
Шақырсаң өзін жырактан.  
Шалғынына аунап, көміліп,  
Сімірген шұбат бұлақтан.

Көбелек қуған өзіммен,  
Желкілдеп келте тұлымы.  
Күләштар ұшты көзімнен,  
Өскенде бота бұрымы.

«Қош!» деумен қолын бір бұлғап,  
Жөнелді дәурен балдырған.  
Ақ сүйек ойнап, жыр-жырлап,  
Таңдарды талай таңға ұрғам.

Құлақ сал, қырлар, сөзіме,  
Жібердім ала тайымды.  
Мінгізіп қайтар өзіме,  
Адасқан балақайымды.

\*\*\*

Мерт болған арман көп менде,  
Үмітім бірақ сөнбейді.  
Жүрегім шерлі кеудемде,  
Жақсылықтарға шөлдейді.  
Жан емен пәле қуатын,  
Қажетсіз мансап, атағың.  
Өшірмеу – ұлы мұратым,  
Түтінін марқұм атанын.

### ЖАМБЫЛ АҚЫНҒА

Өзіңсің алып асқарым,  
Інісі дана Абайдың.  
Сусындар сенен жас дарын,  
Мұхиты жырдың ақ айдын.

Құшағын жайған бар елге,  
Бөлместен ұлтын, нәсілін.

Атасың байтақ әлемге,  
Алатау сынды асылым.

Жай оғы болып жауына,  
Қайрады кекті өлеңін.  
Ту тік деп жеңіс тауына,  
Баулыдың Отан өренін.

Атаса сені құрметтеп,  
Орыстың ұлы қаласы.  
Көңілінде жайсаң гүл көктеп,  
Шаттанар қазақ баласы.

Бас иген саған табына,  
Альпінің алып жүрегі.  
Туыпты сені бағына,  
Даланың елі – жыр елі.

Ұраның күрес, азат күн,  
Әлемнің сүйген бар елі.  
Өкілі сенсің қазақтың,  
Жиырманшы ғасыр Гомері.

### ҚАҒАРМАН

Әлемді нұрға бөлеп таңғы арайың,  
Қош келдің, Жеңіс күні, айналайын.  
Жыл сайын сен жеткенде ту көтеріп,  
Ән-күйге, гүлге оранар бар маңайым.

Өшпестей өнегесі қымбат маған,  
Өмірге өзің болып тіл қатты ағам.  
Ғасырдың маңдайына бақ дарытқан,  
Ерлерді мадақтайды жырлап ғалам.

Сен үшін қасық қанын аямаған,  
Жолдары жорықтардың аян маған.  
Ұсынып мерекенің төрін бүгін,  
Туған ел ер ұлдарын аялаған.

Жігіттер жалындағын от арманды,  
Дәуірмен жасай бермек қатар мәңгі.  
Әлемге Отан даңқын ұран еткен,  
Әрқашан ардақтаймыз Қаһарманды.

### ОТАН ТУРАЛЫ ОДА

Анашымның ақ сүтіндей арымсың,  
Өмір берген оттан да ыстық қанымсың.  
Арманымның алаулаған туысың,  
Қараңғыны нұрландырған жалынсың.

Мәңгі бірге бөлінбейтін тәнімсің,  
Өміріңе құлдық ұрам. Тәңірсің.  
Маңдайымда жарқыраған күнімсің,  
Бар әлемге шырқап салар әнімсің.

Анам сенсің, панам сенсің, үйімсің,  
Күркіреген күннен күшті күйімсің.  
Өлеңімсің, өнерімсің өлмейтін,  
Жайна, жасар, көрген дұшпан күйінсің.

Арайланып атқан сенде таң да әсем,  
Кеудемдегі арман, мақсат, жан да сен.  
Бейбітшілік бесігі – Ұлы Отаным,  
Басқа бақыт бар дегенге нанбас ем.

Тұла бойда соғып тұрған тамырсың,  
Мен өзіннен өзек алған самырсын.

Қызғалдақтай мәңгі жастық шағымсың,  
Жалған айтсам нан ұрсын!

### КӨКТЕМДЕ ТУДЫ КҮН КӨСЕМ

Маңдайына ғасырдың,  
Бақ дарытқан данышпан.  
Мейірімі асыл күн,  
Даңқы әлемге таныс жан.

Туын биік көтерген,  
Пролетарлар көсемі.  
Өнерлі ұрпақ от өрген,  
Саған қарап өседі.

Туған елдің мәңгілік,  
Аяладың арманын.  
Жанарыңнан таң күліп,  
Бөледі нұрға жандарын.

Жүрегінен жаралып,  
Россия ананың.  
Жетті даңқың таралып,  
Қазағына даланың.

Өз қолыңмен жақтың да,  
Азаттықтың алауын.  
Тура жолын таптың да,  
Жойдың тұрмыс қанауын.

Замананың бойында,  
Жақсы ісіңнің жалғасы.  
Үн қосады ойыңа,  
Бесжылдықтар балғасы.

Өзіңнің арқан бай далам,  
Еселеп берсе астығын.  
Жүзіннен көрем жайнаған,  
Өмірдің жарқын жастығын.

Іргесін қолдан қаладың,  
Елдіктің, ерен ерліктің.  
Сайратып Отан адамын,  
Үлгісін салдың теңдіктің.

Тартпаған тағдыр азабын  
Шырқаса қызыл наз әнін.  
Біледі сенің арқан деп,  
Мәңгілік сендік қазағың.

Ұраным – Ұлы есімің,  
Ісіңнен үлгі ап бірге өсем.  
Бақыттың аштың есігін,  
Көктемде туған күн көсем.

### ЖУРНАЛИСТ

Жұртқа үлгі адамдығы, адалдығы,  
Журналист – көршіміздің мамандығы.  
Көкейінде түлеген қанаттанып,  
Көгілдір дүниенің жаңа ән, жыры.

Сапарлардан көресің оны дәйім,  
Күтеді алдан қуаныш жаны лайым.  
Үйге оралса түнделеп, таң атқанша,  
Тапсырманың жазулы бәрі дайын.

Тракторлар жарысып белден-белге,  
Төл үнімен туған жер тербелгенде.



Бірге оранып ақ шаңға диханменен,  
Осылар ғой ерлерге дем берген де.

Ол бар жерде көңілден мұң қашады,  
Жылқышымен өрісте жыр қосады.  
Жас жүректің лүпілін оймен тыңдап,  
Ұрпақ жайлы ұстазбен сырласады.

Уақыты өтеді жұмыспенен,  
Жүйкелерін тең дер ем құрышпенен.  
Тек жақсылық жасауға бағытталған,  
Осы болар өмірде ұлы іс деген.

Көкірегі ояу, көңілі толған ағын,  
Көршім жайлы осылай толғанамын.  
Бесіктегі балама деймін сонсоң:  
-Есейген соң тек журналист бол, карағым.

### КӨКТЕМ КӨРІНІСТЕРІ

Ала шекпен киінген,  
Алып батыр – тау ғана.  
Асты асығыс адырдан,  
Ұйқылы – ояу таң жаңа.

Шауып келген аттайын,  
Бусаныпты қырат-қыр.  
Тамшы төгіп ақ қайың,  
Күн сүйгенге жылап тұр.

Сыбырласты құрақ, тал,  
Дегендей-ақ «сыр ақтар».  
Бұрымындай арудың,  
Бұлаңдайды бұлақтар.

Асау өзен тулаған,  
Күздан қарғып ақ маңдай.  
Төл үнімен шулаған,  
Дала жырлап жатқандай.  
Құс керуені көктегі,  
Сапар жолын сызыпты.  
Туған жердің көктемі,  
Көрікті де қызықты.

### А У Л Ы М

Алдыңа басымды әр кез иіп төмен,  
Аулым туғаннан- ақ сүйіп келем.  
Өзіңнен ізетпенен кішірейсем,  
Соншалық мерейім де биіктеген.

Келмейді бір ізімді қайта басқым,  
Қашан да қиындықпен тайталаспын.  
Оралсам сағынышпен сапарлардан,  
Мейірімді құшағыңды айқара аштың.

О, ауылым, кең бесігім сүйіктісің,  
Кім сені мына мендей сүйіпті шын.  
Өзінде бәрі аласа мына менен,  
Сен әлде арманнан да биікпісің

### ҮКІЛІ ЫБЫРАЙҒА

Сезімнің басқан пернесін,  
Сыйқырлы сазды «Гәккуің».  
Көңілдің ашқан зердесін,  
Әнші едің неткен аққу үн.

Әніңнің әсем нақышы,  
Жарқылдап өткір алмастай.

Шығыс пен күннің батысын,  
Шарласа даусың талмастай.  
Табынтып талай талантты.  
Таң болып енген сезімге.  
Сол әннен алып қанатты,  
Шырқадым мен де кезінде.

\*\*\*

Ғажапсың ғой, көгілдір шак,  
Көктем айы – сағынышым.  
Гүлге ашады көңіл құшак,  
Көкке асады сағым ұшын.  
Жел желпісе қызғалдақты,  
Дала өртеніп жатқан сынды.  
Қызғалдақты қызға арнатты,  
Балғын көктем батпан сырлы.  
Жасыл бауға сұқтанады,  
Ақша бұлттар аспандағы.  
Жасындарға сұстанады,  
Алатаудың асқарлары.  
Көктемде құштым арай,  
Қуаныштан алдым жылап.  
Құдіреті күшті қалай,  
Көңіл күйін қалды бұрап.  
Әнге қосып ел мерейін,  
Көктем жайлы жырла бұлақ.  
Сырлы сазбен тербелейін,  
Тынба бұлақ, тында құлақ.

\*\*\*

Алсам деп енші өлеңнен,  
Шоқ болып маздап келем мен.  
Байлаймын еркін теруге  
Жақұтын ойдың тереңнен.

Самғатып арман арынын,  
Лаулатып жүрек жалынын.  
Жайнатып жастық жалауын,  
Шырқадым ән қып ар үнін.  
Қаршыға – қиял самғайды,  
Қанаты қайсар талмайды.  
Сикырлап өлең жұмбағы,  
Назындай қыздың арбады.  
Құмарым қашан басылар,  
Сол сәтке көңіл асығар.  
Желегін жайып жақсы ойлар,  
Жұмбағы сырдың ашылар.  
Бұрқанған шабыт тасқыны,  
Жыр болып қашан шашылар.

\*\*\*

Токтағанша соққан жүрек, бойда қан,  
Жайсаң жаны жақсылыққа тоймаған.  
Шындық үшін шырылдауын қоймаған,  
Неге азапты көп шегеді ойлы адам.  
Адал орын таптап кетер табанға,  
Нәрсіз күлкі үйір екен наданға.  
Қалай ғана жолы болғыш қулардың,  
Тілейтіні тек жамандық адамға.  
Өзөзілдің арам сөзін құп алмай,  
Әділетті айтсам-дағы ұрандай.  
Жымысқылар олжалы деп неліктен,  
Басымнан ой айықпайды тұмандай.

\*\*\*

Сағақтары үзіліп,  
Сан сәйгүлік сапта тұр.  
Құйрық-жалы сүзіліп,

Самғап кетпей шаққа тұр.  
Қызыл-жасыл киінген,  
Көптің көзі жүйрікте.  
Аш күзендей бүгілген,  
Ұқсайды аттар сүйрікке.  
Сілтеп қалды даяшы,  
Жалаушаны қолдағы.  
Кең ғой көмбе аясы,  
Шабысты аттар ондады.  
Топталғанмен о баста.  
Бытырайтын туды шақ.  
Танаулардан таласта  
Будақтайды бу құшак.  
Шашасына шаң жұқпас,  
Жирен қасқа ең алда.  
Жарыстарда мал да ұқсас,  
Дейтін жанға дем алма.  
Талайларды таң қылып,  
Озғандардың бағы бар.  
Тұла бойын шаң буып,  
Қалады екен жабылар.

### СОЛДАТ СЫРЫ

(Баллада)

Қай тұста, әке, жүрсің сен,  
Қыран боп көкке ұштың ба.  
Әлде ажал дейтін тылсым сен,  
Мерт қылып жерді құштың ба.

-Айтшы, ана, әкем туралы,  
Ерме еді әлде жайжан ба.  
Қайда жүр мен туғалы,  
-Аттанып кеткен майданға.

Қадірлеп бірлік, елдікті,  
Еңбектен тапқан мұратын.  
Дүниедегі ең мықты,  
Таным дейтін қуатым.

Гүл еді ойын, тойдың да,  
Ән менен күйдің еркесі.  
Кені еді ақыл-ойдың да,  
Жігіттің сері, серкесі...

Есімде тәтті ұйқыдан,  
Ояндық шошып дүбірден  
Жалындай желмен ұйтқыған,  
Көшеде халық жүгірген.

Соғыс деген ауыр үн,  
Жіберді жанды жылатып.  
Сапырып қайғы дауылын,  
Арманды талай құлатып.

Аттанды жауға әксең де,  
Артына тастап ауылын.  
Бетіңнен сүйіп кетерде,  
Хош деген ұлым, аруым.

Жас едің онда, шырағым,  
Жөргекте жатып жылаған.  
Жақтың сен әке шырағын,  
Сол үшін бүгін қуанам.

Хат жазып тұрды үзбестен,  
Күт дейтін қайтам жеңіспен.

Барлаушы болып із кескен,  
«Тіл» алып жүрмін немістен.  
Мен үшін сүйген ұлымды,  
Дегейсің әкең майданда.  
Оралам жеңіп зұлымды,  
Қорқыныш жайлы ойланба.

Күн жақын қалды көрісер,  
Деп аяқтайтын хаттарын.  
Оқыған сайын көңіл өсер,  
Сөздерін ойға жаттадым.

Күйреді фашист ордасы,  
Жеңістің туы желбіреп...  
Әкең жоқ, келіп жолдасы,  
Бетіңнен сүйді елжіреп.

Қоштасып қымбат өмірге,  
Жұмыпты ол көзін алыста.  
Армандары көп көңілде,  
Жан еді берік намысқа.

Деп анам ауыр күрсінді,  
Жанарын жасқа толтырып.  
Әкем болса бұл сынды,  
Арман жоқ деймін толқынып...

Солдатпын, міне, мен бүгін,  
Бақытын елдің күзеткен.  
Жадымда, әке, ерлігің,  
Алдымда жолдар сіз өткен.

\*\*\*

Мен саған дос көңілмен сеніп едім,  
Жүрегімді жаныңмен теліп едім.  
Күле кіріп, неліктен күңірендің,  
Қара тастай қайғыға берік едің.  
Сәт айналмай сертіңнен тайқып кеттің,  
Келмейді енді сырымды айтып, төккім.  
Қалай ғана қапысыз қауышамыз,  
Оған дәті шыдамақ қайтып беттің.  
Мен сені дарын дедім, жалын дедім,  
Жамандыққа қиған жоқ арым менің.  
Аулақ-аулақ, ауламнан аңдымағын,  
Дос деп жүрсем сұрқылтай залым ба едің.  
Ата-бабам малды да басқа ұрмаған,  
Қарсы еді күндестікке асқындаған.  
Ақ құйған жылан құсап шық үйімнен,  
Қасқыр да жолдасына қас қылмаған.

### МАХАМБЕТКЕ

Ордасын ойрандаған зұлымдардың,  
Жауынгер жырларыңнан сырынды ұқтым.  
Өрт салып өзегіне ханзаданың,  
Мысықтай мяулатып жүнін жықтың.

Құшағын көк теңізге жайған барып,  
Жайықтың толқынындай айбарланып.  
Қайнаған қаныңдағы жігер күшке,  
Сәт сайын сүйсінемін қайран қалып.

Жалтылдап жанарыңда от найзағай,  
Жасанған жауға тидің ақ найзадай.  
Мәңгіге бағындырып даңқ тауын,  
Алдыңда арман көлі жатты айнадай.